

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Сот отырысына қатысты БЖЗҚ-ның түсініктемесі

«БЖЗҚ» АҚ БАҚ пен әлеуметтік желілерде Ж.Т. Сүлейманов мырзаның (бұдан әрі – Арызданушы) Қорға қатысты берген азаматтық талап – арызы және Қордың сот талқылауына қатысқысы келмейтіні туралы жарияланымының таралуына байланысты мынаны хабарлайды.

06.01.2021 жылы Арызданушы 29.12.2020 жылғы талап арызға соттың ескертулерін жойғаннан кейін *2019 жылы міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша аудиторлық қорытынды жасау бойынша орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне қол қою жөніндегі іс-әрекеттерді заңсыз деп тану туралы* Қорға қайтадан талап арыз берді.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 2021 жылғы 14 қаңтардағы ұйғарымына сәйкес істі 2021 жылғы 02 ақпандағы сот отырысына дайындау мақсатында 10 сағат 30 минутқа әңгімелесу тағайындалды. Сот талқылауының осы сатысында іс мәні бойынша қаралмайды, процеске қатысушыларға олардың құқықтары түсіндіріледі, дауды бітімгершілік келісіммен аяқтау ұсынылады, жауапкер талап арызға пікір ұсынуға міндеттеледі.

Алматы қаласында індетке қарсы енгізілген шараларға байланысты сот отырыстары WhatsApp мобильді қосымшасын пайдалану арқылы бейнеконференцбайланыс арқылы өткізіледі.

Сот белгілеген уақытта Қордың өкілдері online-режимде байланыста болды. Алайда Қорға қатысы жоқ техникалық себептер бойынша Қор өкілдері сот отырысына қосылмай қалды, бұл туралы процеске қатысушылардың барлығы хабардар болған.

Осыған байланысты сот отырысы 10.02.2021 жылға кейінге қалдырылды. Бұл ретте Қор талап арызға пікірді уақытылы ұсынды және Арызданушының онымен танысуға мүмкіндігі бар.

Осылайша, Ж.Т. Сүлейманов мырзаның 02.02.2021 жылғы сот отырысында Қордың болмау себептері туралы айтқан сөздері шындыққа сәйкес келмейді.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 08.01.2020ж. шешімімен 2018 жылғы аудит бойынша берілген шағым арыз талаптарын қанағаттандырудан Ж. Т. Сүлеймановке бас тартылғаны туралы қосымша хабарлаймыз. Шешімге Ж.Т. Сүлейманов тарапынан апелляциялық тәртіпте шағым жасалмады және Шешім 17.02.2020 жылы заңды күшіне енді.

Бұл ретте БЖЗҚ әрі қарай сот төрелігін іске асыру процесіне араласпау қағидатын сақтау мақсатында соттың тиісті шешімі шығарылғанға дейін осы азаматтық іс бойынша түсініктеме беруден қалыс қала тұрған дұрыс деп есептейді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару

тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).